

САРАПТАМА



ПЕЙДЖЕР ЖАРЫЛЫСЫ

Қауіпсіздік түсінігін қайта қарайтын сәт келді

2

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ӨЗЕГІ

Атом электр станциясы керек

4

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ!



БӘРЕКЕЛДІ, АРУЛАР!

Шахматшы қыздарымыз – Олимпиаданың күміс жүлдегері

24

ЭКОКӨЛІК

СЕНІМГЕ ТОЛЫ СЕКСЕН ЖЫЛ!



Алматыдағы №1 троллейбус паркі өзінің 80 жылдық мерекесін атап өтті. Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин қатысып, шаһар басшысының құттықтауын жеткізді. Осынау жылдар бойы Алматының дамуы мен өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келе жатқан қоғамдық көліктің бұл түрі әлі күнге дейін қалалықтардың айрықша махаббатына ие. Мерейтой құрметіне осы салаға сіңірген зор еңбектері үшін еңбек ардагерлері мен майталман мамандар марапатталды.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №80-81 (6532) 24 қыркүйек, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+



РЕФЕРЕНДУМ – 2024

Орталық Азия бағдары: ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Аймақ елдерінің тұрақты дамуының алғышарты



(Фото: репозитор: Getty Images)

Орталық Азия елдерінің тағдыры бір-біріне тығыз байланған. Бұл тек осы аймақтың біртұтас геосаяси аймақ ретінде қарастырылуынан ғана көрінбейді. Аймақ елдері өзара сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, транзит және энергетика салалары бойынша тығыз байланысқа ие. Әлемнің өзге елдері секілді аймақ елдері де тұрақты даму үрдісін сақтап, өз болашағын биіктерден болжайды.

Дегенмен, күн сайын құбылып тұратын жаһандық жағдайға байланысты тұрақты даму үрдісін қамтамасыз ететін алғышарттар да ұдайы өзгеріп келеді. Егер жақын болашақтағы аймақтың баянды дамуын елестетсек, біз энергетика саласындағы тұрақтылықты ескермей тұра алмаймыз. Елімізде осы болашақ мәселені шешудің бір жолы ретінде атом электр станциясын салу бойынша кең қоғамдық талқы өтіп жатқан тұста аймақтың энергетикалық болашағына да ұзағынан көз салуға тура келеді...

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

24.09.2024

Түнде: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +25+27 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

25.09.2024

Түнде: +12+14 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +23+25 °C
Көшпелі бұлтты, күннің соңында жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 15м/с

www.aqshamnews.kz



9 772223 237006 >

ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ПЕЙДЖЕР ЖАРЫЛЫСЫ

Ливан мен Сирияда бір мезетте жүздеген адам жараланды, қаза тапқандар бар

XXI ғасыр технологияның, жаһандандудың дәуірі деп ғасыр басында шаттанғанымызбен, бүгінде электротехникадан бастап, цифрлы технологиялардың қоғамның барлық саласына тұтас еніп, белгілі бір деңгейде қауіп алып келгеніне де куә болып отырмыз. Өткен апта әлемдік ақпарат құралдары жарыса жазған, Ливан мен Сириядағы мыңдаған пейджерлер жарылысы, күнделікті қолданып жүрген электронды құралдарымыздың маңызы мен қауіп жөнінде қайта ойлануымызға себеп боп отыр. Электронды технологиялардың әскери мақсатта қолданылуы, әрбір шет елден келетін техниканың қатері мен қауіп – жаһан жұртының жаппай талқысына түсті. Кейбір елдер шетелден келетін электронды техникаларға деген кедендік талаптарды қатайтуда. Қалай десек те, пейджер жарылысы жаһан жұртына күнделікті қолданыстағы серігіне айналып кеткен ұялы телефоннан қауіптенетіндей, психологиялық соққы жасады. Мақаламызда Ливанда жүздеген азаматты бір мезетте жарақаттаған пейджер жарылысының жаһандық қауіпсіздік ұғымына ықпалын талдап көрелік.



(Дереккөз: www.midjourney.com)

• Жалпы саны 5000-ға жуық Ливанға импортталған пейджер құрылғылары Тайваньдық Gold Apollo компаниясына тиесілі. Алайда, өткен сәрсенбі күні жарияланған ресми ақпаратқа сәйкес, Ливанда жарылысқа себеп болған AR-924 маркалы пейджер құрылғылары тайваньдық Gold Apollo компаниясының Болгариядағы серіктес компаниясы арқылы өндірілгені анықталды. Компания төрағасы Хсу Чунг-Куанның ақпаратына сәйкес, BAC Consulting KFT компаниясы Болгарияда әріптестік негізде жұмыс жасайды. Болгариялық BAC Consulting KFT компаниясы арқылы Хезболла әскерлеріне жыл басында 5000 дана AR-924 маркалы пейджер жіберілген. Сарапшылардың пікірінше, Израил арнайы күштері тайваньдық өнімді Еуропа арқылы Таяу Шығысқа жеткізу барысында әрбір пейджерге арнайы жарылыс құралдарын енгізін хлгерген.

• AR-924 маркалы пейджер құрылғысының ерекшелігі тек мәтіндік хабарламалар алмасуға арналған, қуаты орта есеппен 60 күнге жетеді.

Қауіпсіздік түсінігін қайта қарайтын сәт келді

Тайвань экономика министрлігінің мәліметінше 2022 жылдың басынан 2024 жылдың тамызына дейін Gold Apollo компаниясы 260 000 дана пейджерді, соның ішінде осы жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында 40 000 пейджерді нарыққа экспорттаған. Бұл пейджерлердің қанша данасы террористік топтардың қолданысына түскені белгісіз.

Ливандағы жарылыстан кейін әлемнің біршама елдері мобильді технологиялардың қауіпсіздігі мен шет елден келетін электротехникаларға талаптарды күшейтіп түсті. Соңғы жылдары соғыс майдандарында ұшқышсыз ұшақ, қашықтықтан басқарылатын зеңбіректер мен цифрлы соғыс қарулары белсенді түрде қолданылуда. Ливандағы жарылыс – коммуникациялық мақсатта қолданылып жүрген құрылғылардың әскери мақсатта соғыс процесіне кіріккендігінің жарқын айғағы.

Азаматтар арасында бүгінде пейджер құрылғысының қолданысы аясы төмен, қажеттілік жоқ. Жалпы, соңғы жылдары сарап-

шылар арасында ұялы байланыс құралының адамның жүрген орны мен жеке ақпараттарын тарататын қызметі туралы кеңінен айтылуда. Нәтижесінде радиотолқындар арқылы байланыс жасайтын пейджер құрылғысына деген сұраныс артты. Өткен ғасырдың 80-жылдары мен 2000 жылдар аралығында кеңінен пайдаланылған пейджерге сұраныс соңғы жылдары жекелеген әскери компаниялар мен арнайы қызмет қызметкерлері арасында артқан. Ливанда астыртын әрекет ететін Хезболла ұйымы соңғы жылдары Израильмен соғысып жатқаны белгілі. Тараптар арасындағы кескілескен соғыстың тарихы тереңде.

Хезболла әскерлері қолданады делінген пейджер құрылғылары аралығы 60 секунд ішінде Ливанның бірнеше аймағында бір мезетте жарылды. Соңғы мәліметтер бойынша 25 адам қаза тауып, 3000 адам жараланған. Жараланғандар ішінде дәрігерлер, мұғалімдер, көмелет жасқа толмаған азаматтар да бар. Сарапшылар пікірінше, аталмыш оқиға Таяу Шығыстағы тұрақсыздықты үдете түсетін болады. Алғашқылардың бірі болып Ирак билігі елге импортталатын цифрлы құрылғыларды тексеру бойынша қосымша талаптар енгізетінін жариялады. Түркия сыртқы істер министрі Фахан Фидан баспасөз мәжілісінде кибер қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Түркия арнайы агенттік құратынын мәлімдеді. Гарвард университетінің сарапшысы Брюс Шнайердің пікірінше, Израиль тарапынан жасалынған кибершабуыл тактикалық негізде, қысқа мерзімді ғана жеңіс. Алайда, қашықтықтан арнайы код арқылы жасалынған кибершабуыл жаһан жұртшылығында «өз ұялы телефонынан қауіптену» синдромын қалыптастырып, психологиялық үрей қалыптастырғаны ақиқат.

Екіншіден, Ливандағы жағдаят елдер арасындағы байланысты әлсіретіп, тауар айналымын, өзара сенім деңгейін төмендетті. Дәстүрлі түрде халықаралық қатынастар ғылымында қауіпсіздік дегеніміз – келесі бір мемлекет тарапынан келетін қауіптің болмауын айтып келіп едік. Алайда, бүгінде қауіп көзі тек қару мен әскерилер тарапынан емес, күнделікті қолданыстағы байланыс құралы да болуы мүмкін.

Кибер шабуылдан келетін қауіп Орталық Азия аймағында да үдеп тұр. Елімізде жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол салу жағдаяттарының көбею себептерінің бірі – кибер шабуылдардың салдарының негізі деп санаймыз. Түрлі анонимді арналар мен ойындар арқылы қашықтықтан ықпал ету, жастардың санасын улау мәселелері бүгінгі таңдағы кибершабуыл тарапынан келетін қауіптің дәстүрлі емес түрі. «Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында» деп дана халқымыз атап кеткендей, XXI ғасыр адамзат үшін технологияның мүмкіндіктері мен қызметінің оң тұстарын қажетімізге қолданатын кезең ғана емес, қатар келетін қауіпті ескеретін сәт екендігін де ұмытпағанымыз жөн.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



АЭС: ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Мадина
БАТАЙ,
ХАТУ
студенті:

Экономикалық, экологиялық тұрақтылық көзі

Атом электр станциясын салу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Меніңше, бұл мәселе мұқият қарастырылуы қажет. Жеке көзқарасым оң бағытқа бейім.

Алдымен, атом энергетикасының экологиялық тұрғыдан тиімділігіне тоқталайық. Көмір немесе мұнай сияқты дәстүрлі энергия көздерімен салыстырғанда, АЭС атмосфераға зиянды газдардың, әсіресе, көмірқышқыл газының шығымын азайтады. Бұл парниктік әсерді төмендетіп, климаттық өзгерістермен күресуде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда жаһандық экологиялық проблемалар күшейген заманда, АЭС-тің парниктік газдардың шығарылуын азайту мүмкіндігі орасан зор артықшылық деп білемін. Екіншіден, АЭС-тің экономикалық тұрғыдан тиімділігін атап өту қажет. Атом электр станциялары ұзақ мерзімде арзан және тұрақты энергия көзін ұсынады.

Бұл өз кезегінде энергия бағасының құбылмалығына төтеп беріп, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, АЭС құрылысы мен жұмысы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, ғылыми зерттеулер мен инновациялық технологиялардың дамуына ықпал етеді. Мұның барлығы елдің экономикалық ал-ауқатын арттырады.

Атом энергиясын пайдалану кезінде қауіпсіздік стандарттарының ең жоғары деңгейде сақталуы – негізгі талаптардың бірі болуға тиіс. Сонымен қатар, радиоактивті қалдықтарды сақтау және жою мәселесі де шешімін табуы қажет ететін күрделі сұрақтардың қатарында. Бұл қалдықтардың қоршаған ортаға тигізетін зияны ұзақ мерзімде аса қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан қалдықтарды қауіпсіз өңдеу технологияларын жетілдіру қажет.

Кейбір елдерде АЭС салу қоғамдық қарсылықтарға ұшырап жатады. Бұл жағдай халықтың атом энергетикасына деген сенімсіздігінен туындауы мүмкін. Сондықтан үкімет пен энергетикалық компаниялар қоғамдық пікірмен санасып, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын тиімді жүргізуі қажет деп ойлаймын.

АЭС салуда деген өз көзқарасым жалпы алғанда оң, бірақ оны тек жауапкершілікпен және қатаң қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүзеге асыру қажет. Атом энергетикасы – болашақтың энергиясы. Тиісті технологиялық жетістіктер мен жоғары қауіпсіздік стандарттары арқылы АЭС-ті салу экономикалық және экологиялық тұрақтылыққа әкелетініне сенемін.



Орталық Азия бағдары:

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Аймақ елдерінің тұрақты дамуының алғышарты

(Басы 1-бетте)


Жергілікті даму және
әлем талабы

Аймақ дамуын қамтамасыз ету, ең алдымен, энергия қажеттілігін қамтамасыз етуден басталары анық. Орталық Азия қазба байлық пен табиғи ресурсқа бай өңір. Егер қазба отындар арқылы өндірілетін энергияға сүйенетін қазіргідей үрдіс жалғаса берсе, онда аймақ елдерінің бұл жағынан жолы болған болар еді. Бірақ климат өзгерісіне ілесіп жәһандық үрдіс, дамудың траекториясы да өзгеру үстінде. Бұл күнде Қазақстан ғана емес, әлемнің басым көп елі өндіріс пен тұрмысқа керекті энергияны қазба отындардан алып келеді. Жәһандық жылыну мен климаттың өзгеруіне үлкен ықпал ететін бұл энергия көздері барған сайын жәһан талабына сай болмай бара жатыр. Әлем елдері бірнеше рет бас қосып, климаттық саммиттер өткізгеннен кейін көмірқышқыл газы (CO₂) немесе метан сияқты парниктік газдарды ауаға шығаратын барлық өндіріс пен энергия тармақтарын біртіндеп жасыл энергия мен жасыл экономикаға қарай бұруға уағдаласуда. Бүкіл әлем елі қол қойған Париж климат саммитінің қарары бойынша 2050 жылға дейін барлық елдер парниктік газдардың шығарындыларын толық шектеуге жетуі тиіс. Климат өзгерісінің қатерінен дабыл қаққан ғылымдар бұны тұтас өркениет келешегіне саятын мәселе ретінде қарастырады.

Міне, осы себептен де қазір дамыған елдерден бастап энергия алудың дәстүрлі түріне балама жолдар іздестірілуде. Табиғаттың өзі беретін күн энергиясы, жел мен судың энергиясы – басты назарда әрине. Алайда, табиғаттың өзіне тәуелді энергия құбылмалы климат ортасында тұрақты энергия көзі болып санала алмайды. Ал мұнай, табиғи газ, көмір сынды қазба отындардан энергия алуды қысқарту үшін атом энергиясын, биоотын көзін пайдалану сынды өзге де жолдарды қарастыру маңызды. Демек, Орталық Азия да даму мүддесіне сай болашақта өзінің қазба отындарын энергия өндіруге пайдалануды біртіндеп қысқартады деген сөз.

Энергия шығындары
көбейеді

Бұған дейін Азия Даму банкі Орталық Азияда 2030 жылға қарай энергияға деген сұраныс қазіргіден 30% артады деп болжаған. Әрі ол кезде де аймақ елдері энергияның басым көп бөлігін мұнай-газ арқылы өндіреді. Бұл есепке Қытайдың географиялық жақтан Орталық Азияға жататын батыс аймақтарын қоспағанда, Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Ауғанстан кіреді. Белгілі деңгейде Пәкістан мен Кавказ елдері де қамтылған.



Осы аталған елдер энергия өндіру үшін 2020 жылы 204 миллион тонна мұнай эквивалентін жұмсаған. Яғни 2030 жылға барғанда бұл 254 миллион, тіпті 290 миллион тоннаға дейін өседі дегенді білдіреді. Былайша айтқанда, энергияға деген сұраныстың 30 пайызға артуы, оған кететін мұнай көлемін 32 пайызға жоғарылатады. Бұл аймақтағы болашақ климат жағдайының қаншалықты ауыр болатынын да белгілі деңгейде ұғындырады. Оның үстіне бұл болжам-есепке Қытайдың Орта Азияға жататын аумақтары кірмейтіні тағы бар. Егер бұған ондағы сұраныс пен шығынды қосқанда картина тағы өзгермек.

Халықаралық ұйымдар мен банктердің біздің аймақтың энергетикалық болашағына қатысты болжамдарына үңілсек, үнемі энергия шығындары барған сайын өседі дегенді айтады. Бұның себебін қарастырғанымызда, көптеген зерттеуші ұйымдар аймақ елдеріндегі инфрақұрылымдардың ескіруін көрсететінін байқадық. Яғни әлі де Кеңес кезінен қалған энергия жеткізу құрылымдарын пайдаланып келген елдерде өндіру шығындары 20 пайызға жоғарылауы мүмкін. Ескірген электр желілері, жаңартылмаған электр станциялары мен ескі технология барған сайын шығынды жоғарылата түсетіні белгілі. ОА мен оған көршілес аталған елдерді қамтығанда инфрақұрылымдарды жаңарту үшін қазірдің өзінде 25 млрд АҚШ доллары керек болса, 2030 жылға жеткенде жаңарту құны 49 миллиард долларға дейін өседі.

Әрине, бұл көрсеткіш әр елде әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, осы аймақтағы елдердің дамуы мен инфрақұрылымдық жаңаруы негізінен қарайлас. Сондықтан еліміздің өз ішіндегі жағдай да осыған қарайлас деуге болады. Отандық Энергетика министрлігіміздің 2035 жылға қарай энергия өндірісінің айтарлықтай тапшылығын болжауында осындай себептер де бар.

Орталық Азия елдері
энергетика саласын дамытуда
аса қомақты инвестицияға
мүдделі

Кең аумақтағы Орталық Азия елдері үшін қазірдің өзінде гидроэнергетика саласы түйықтан шығар басты жолдың бірі саналады. Қырғызстан, Тәжікстан, Грузия секілді таулы, өзен-сулы елдер өзінің осы жағындағы артықшылықтарын пайдаланып, энергетикалық сұраныстың басым бөлігін қанағаттандырып келеді. Аймақ күннің түсу салыстырмасы жағынан күн энергиясын алуға да қолайлы аймаққа жатады. 2010 жылдан бері қарай гидроэнергетика саласында қарқынды даму пайда болған. Бұл салада шығындар едәуір қысқарып келеді. Соңғы жылдары Өзбекстан да жел энергиясын пайдалануды жүйелі қолға ала бастаған. Бірақ осы аталған аймақта гидроэнергетиканы дамытуға тұрақты инвестиция мен үкіметтік қолдаулар жеткіліксіз болып жатқаны мәлім. Үкіметтердің бұл жағындағы бел-

сенділігі артатын болса және инфрақұрылымдарды жақсартатын болса, онда 2035 жылға қарай аймақ елдері гидроэнергетика саласымен өз қажеттілігінің 40 пайызға жуығын қамтамасыз ете алуға мүмкіндігі бар деп есептеледі.

Аймақ елдері үшін жасыл энергия өндірудің өзге де жолдарының бар екені мәлім. Қазір елімізде талқыланып, референдум шешіміне салынғалы жатқан атом электр станциясы мәселесі де осы қатарда тұр. Аймақта ядролық энергетиканың пайда болуы жоғарыдағы көрсеткіштерге белгілі деңгейде әсер етері анық.

Тағы бір маңызды мәселені айта кеткен жөн. Жалпы, Орталық Азия елдері өзінің энергетика саласын дамытуда аса қомақты инвестицияға мүдделі. Қазір әр ел энергетика тармақтарына өз әлінше инвестициялар тарту үстінде. Инвестиция салуға ынталы тараптар қатарында Қытай, Ресейден тыс, Еуропа елдері, халықаралық банктерді де атауға болады. Бірақ Орталық Азия елдері өзара энергетика тасымалын жетілдіріп, Орталық Азия электр жүйесі сияқты трансшекаралық инфрақұрылымды бірлесіп дамытқанда энергетика қауіпсіздігін қамтамасыз ету тіпті де жеңіл бола түспек.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

АЭС: ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Ақерке
ЖАҚСЫБАЙ,
ХАТУ
студенті:

АЭС салу – электр энергиясын өндірудің ең тиімді және экологиялық таза жолы. Қазіргі заманда жаңа технологиялар мен ғаламдық энергия сұраны-

Электр қуатын үлкен көлемде өндіруге
мүмкіндік береді

сының артуынан АЭС-тің де маңызы артып келеді. Атом энергиясы біраз ел үшін тұрақты, ұзақ мерзімді және сенімді энергия көзіне айналып отыр.

Пайдасына келсек, АЭС аз көлемдегі отынмен көп мөлшерде энергия өндіреді. Жылу энергиясы бу турбиналарын айналдыруға қолданылады. Бұл үлкен көлемдегі электр қуатын өндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, бір килограмм уран жанған кезде алынатын энергия бірнеше миллион тонна көмірден алынатын энергияға тең. Бұл тех-

нология АЭС-ті тиімді және өнімді энергия көзіне айналдырады. АЭС салу өте қымбатқа шыққанымен, болашақта өз пайдасын тигізеді. Басқа да мемлекеттерге экспорттай аламыз. Сонымен қатар, экономикасы дамыған елдердің қатарына ене аламыз.

Атом электр станциялары болашақта энергиямен қамтамасыз етудің тұрақты және сенімді көзі ретінде маңызды рөл атқарады. Жоғары өнімділігі, қоршаған ортаға зиянды шығарындылардың аздығы және ұзақ

мерзімді экономикалық тиімділігі басқа энергия көздеріне қарағанда АЭС-тің артықшылығын көрсетеді. Әрине, АЭС-ті пайдалануда қауіпсіздік шараларын сақтап, радиоактивті қалдықтарды басқару мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Бірақ қазіргі заманғы технологиялар бұл мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. АЭС – болашақтың энергия көзі, ол тұрақтылықты, экологиялық тепе-теңдікті және ұзақ мерзімді тиімділікті қамтамасыз етеді.

ЖОЛДАУ – 2024

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» дейді. Ал ХХІ ғасыр – ғылым мен технологияның алтын дәуірі. Осы жолда материалдық құндылық пен рухани азығымызды шатастырмау қажет-ақ.

Қазақ елі өзінің оң-солын танып, дамыған державалар қатарына өтуді көздейді. Сондықтан алда саяси-экономикалық һәм әлеуметтік мәселені түбегейлі шешу міндеті тұр. Осы және өзгеде сауалдар төңірегінде Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре ЖҮСППЕН сұхбаттасқан едік.

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ӨЗЕГІ

– Жолдау жөнінде ой-пікір білдірсеңіз...

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы Парламент сессиясының ашылуына тұспа-тұс 2 қыркүйекте өтті. Жыл сайынғы дәстүр жалғасып келеді. Өткен жолғысында көбінесе экономикалық сипат пен сол мағынадағы сөздер айтылды.

Жаңа экономикалық бағдар белгіленген болатын. Соған сай экономиканы әртараптандыру ісіне серпін берілді. Инфляция біршама төмендеді. Халықаралық резерв қоры – 100 миллиард доллардан асты. Әсіресе, Қазақстанға жетпей тұрғаны – өңдеу өнеркәсібі, тау-кен саласы және т.б. жаңа инновациялық жаңалықтарды керек ететін өндірістерді жылдам жүзеге асыру. Осыған орай инвестицияны тарту мәселесі өте өзекті. Осыған да назар аударылды. Сонымен бірге, азаматтардың табысын арттыруға қатысты біраз сөздер айтылды. Егер бұл үйлесім тапса, қолдан келетін шаруа екендігін айтты. Экономика өскен сайын орта таптың күшеюі заңдылық. Бізге шағын және орта бизнесті жедел жолға қою маңызды. Елге пайдалы жобаларды көбейту керектігін атап өтті.

– Банк туралы заңды жанар-туға көзқарасыңыз қалай?

– Ел экономикасы – мемлекет өзегі. Сол тұрғыдан алғанда көптеген мәселе келесі Жолдауға ауысып отыратыны да заңдылық. Алдыңғы және кейінгі тапсырмалар кейде толық орындала бермей жатады. Әсіресе, банктер ел экономикасын еселеуде ештеңе істемеді деуге болады. Сол себепті де, «Банктер туралы» жаңа заң қажет делінді. Бәсекелестікті белсенді түрде қолдау сияқты проблемаларға, бір жағынан заңның ескіргендігі ескерілді. Бұл өте өзекті заң болғалы тұр. Өйткені, бірыңғай кредит алып, қарызға батушылардың қатары көбейіп кетті. Сондықтан да бұл жаңа заңмен пен заманға сай заң-закон қабылдануы керек деп есептейміз.

Шынтуайтына келсек, біздегі республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұндай жағдай қайталана беретін болса, ел дамуын тежейді. Бюджеттің қаржысын барынша тиімді пайдаланып, оның шығыстарын азайтуға қатаң бақылау жасап отыру қажет.

Мемлекет басшысы Ұлттық Банкпен бірлесіп нақты шара қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, салық кодексі және бюджеттік жағдай туралы да осындай мәселе бар деп айта аламыз. Бізде стратегиялық құжаттар дейекті, орнықты түрде орындала бермейді. Сол себепті де, Президент өз Жолдауында стратегиядан гөрі тактикалық міндеттерге көңіл бөлген сияқты. Биыл 2025-2029 жылдарға арналған Ұлттық даму жоспарының жобасы жарияланды. Бұл қоғам тарапынан қатты сын тезіне түсіп, қызу талқылау болды. Бірақ іле-шала аталған жоба ың-шыңсыз қабылданып кетті. Осының өзі де асығыстық пен зерделеудің болмай қалғандығын байқатады.

Тағы бір үлкен нәрсе – ол салыққа қатысты. Салық кодексі Парламентте қарастырылып жатыр

еді. Енді осының қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстырды. Бұл мемлекет бюджетінің ең бір өзекті түйіткілі ғой. Көп кәсіпкерлер салықтан жалтару үшін көлеңкелі экономикаға барып, салық саласындағы проблемалар пайда болады. Осыны реттеу үшін арнайы Парламентке жаңа Салық кодексін сапалы түрде жасап, қабылдауды тапсырды. Бәлкім, келер жылдың орта тұсына дейін Салық кодексі жобасын жан-жақты пысықтап, Парламент депутаттары елдің тарапынан жасалып жатқан көптеген ұсыныстарды ескеріп, қабылдауы керек қой деп ойлаймыз.

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ КЕРЕК

– АЭС электр тапшылығын азайта ма?

– Жалпы, Қазақстанда ғана емес, АЭС-ке қатысты осындай үдеріс көп жерде бар. Бізде де ЖЭС-ның көбі ескірген. Екібастұздағы жағдайды алғыңыз, қатал қыстың кезінде жұрт жылусыз, көшеде қалып қойды ғой. Соның үшін де, электр тапшылығын болдырмас үшін атом электр станциясын салу өзекті болып күн тәртібіне қойылып отыр. 6 қазанда жалпыхалықтық референдум арқылы шешу ұсынылды. Атом энергетикасын дамыту аса маңызды деп санаймыз.

Өйткені, халықтың саны артып, экономика өскен сайын қуат көздері қажет болады. Сол сұранысты қамтамасыз ететін атом энергетикасы екендігі көптеген елдерде бар тәжірибе. Дүниежүзінің дамыған және дамушы 30 мемлекетінде 200-ге жуық АЭС жұмыс істеп тұр. Соның ішінде көршілес Ресейде 36 атом электр станциясы бар. Осының барлығы бізге болашақтағы жарық тапшылығын болдырмас үшін жасалатын шаруа. Бұл 1-2 жылдың шаруасы емес. Бұған кем дегенде 6-7 жыл уақыт кетеді. Одан кейін кеңестік кезеңде қалыптасқан ЖЭС, СЭС-тің біразының тозығы жетіп, істен шығып қалуы мүмкін. Бұл – болашақтың ісі.

Жалпы, халықтың энергетикалық тапшылықты болдырмау жөніндегі түсінігі бар деп білемін. Осыны азаматтардың өзі барынша ойлансып, шешім қабылдасын деп референдум күнін белгілеп берді. Осы референдум қорытындысына да көп нәрсе байланысты. Бұл – мемлекеттік шешімнің қабылдануына халықтың тікелей қатысуын білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда референдум халықтың еркі мен қалауын аңғартады. Қарсы немесе қолдағандығы референдум арқылы анықталуы керек. Сол кезде ғана ешкім-ешкімге өкпелемейді. Мұның саяси мәні осында.

МЕМЛЕКЕТТІ ДАМУА ТҮСУДІ ОЙЛАУ ҚАЖЕТ

– Алаштықтар аңсаған ұлттық мемлекетке айналып келеміз бе?

– Қазіргі Қазақ мемлекеті бұл нағыз сол арманның туындысы. Алаш ардақтары Қазақ автономиясын құру жөнінде, Патша өкіметінен бөлініп шығып, өзінше дербес ел болудың бір алғы шартта-

рын қалыптастыруға ұмтылды ғой. Ал біз бүгінде Конституция бойынша республикалық мемлекетпіз. Яғни мемлекеттің барлық қажетті құқықтық негізі қаланған. Осыған Ата Заңымыз қабылданған. Одан да басқа конституциялық заңдар, елдің тағдырына әсер ететін көптеген нұсқа қабылданды. Сондықтан бұл сұрақ сәл артықтау сияқты. Бізге құрылған мемлекетті дамыту, әлемдік жаһандану жағдайындағы бәсекеде Қазақ елін қарыштаудың жолына бастай түсуді қарастырамыз. Соның ішінде өзгелерден оза шаппасақ та, жемқорлығы жоқ, таза мемлекет құру күн тәртібінде тұрған болар деген ойдамыз. Елдің қалыптасуын, 34 жылғы даму үдерісінен көптеген өзгерістердің болғанын айтуымыз керек. Ол өзгерісті көрмейтін адам көрмейді.

Мемлекет басшысы кейінгі 5 жылдың ішінде қаншама саяси-экономикалық әлеуметтік реформаларды қолға алып, іске асырып жатыр. Осының барлығы да елдің ертеңіне тікелей қатысты шаралар. Бүгінде өз нәтижесін беретін заңдар, қабылданып жатқан шешімдердің барлығы осы Алаш арыстарының армандаған, аңсаған азаттығын тұрақты ұстап қалу, ары қарай дамыту, өркендету, ел болашағын жарқын ету идеясынан туындауда.

– Ұлттық болмыстағы, қолынан іс келетін, бірнеше тілді меңгерген жас кадрлар шоғырын қолдасас, оң нәтиже бола ма?

– Бұл бойынша да атқарылып жатқан істер баршылық. Арнайы «Президенттік кадр» резерві құрылды. Өр өңірден жақсы, білімді, парасатты, шын мәнінде қолынан іс келетін, тілді ғана біліп қоймай шаруаның тетігін табатын жастардың шоғырына арқа сүйеліп отыр. Қазір біраз жас азаматтар түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметтерге тағайындалып та жатыр. Осының барлығы кадр саясатында тұрақты сипаты бар, бағыт-бағдары айқын, елге адал қызмет ететін жас азаматтарды шығаруға бағытталады.

АЛМАТЫ – АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ БЕСІГІ

– Алматыға бәрі құштар. Урбанизацияны азайту үшін теріскейде жаңа мегаполис салған дұрыс па?

– Алматы – азаттықтың ақ бесігі. Кеңестер одағын таркатқан шешімге осы жерде қол қойылды. Тәуелсіздіктің бастауында тұрған барлық заңдардың негізгі өзегі сонда қабылданды. Алматы – тұрмыс-тіршілік жасауға өте қолайлы, табиғаты керемет, Алатаудың бөктерінде орналасқан, сұлу әсем қала ғой. Бұл қалаға ән, өлең, шығарма арнамаған ақын-жазушы жоқ болар.

Жер сілкініп, су тасып, табиғи апат бола ма, Алматыны сүйген адамдар басқа жаққа табан аудармайды деп білеміз. Шаһардың ерекше сипаты, құштарлық, іңкәрлік сезім қай қазақ баласының да бойында бар ғой деп ұғам. Дәп Алматыдай мегаполисті теріскейге салу жайын айтылсыз. Солтүстікте Астана салынды ғой. Біз талай теңісті көрдік. Көптеген жойқын



жорықтарда аттандап атқа қонып, найза түйреп, жан-жақтан арпалаған жауға дес бермедік.

Қазіргі таңда отырықшылық қалыптасты. Мәдениет жаңарып, қалаларымыз өсті. Қазақстанда Астана, Алматы, Шымкент сияқты мегаполистеріміз және бар. Соған жетекшілік Ақтөбе, Қарағанды секілді қалалар жылы-жыл өсіп келеді. Сол себептен қалаға көшу урбанизация процесі қатты жүріп жатыр. Қала халқының саны бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп. Ауылда 42% төңірегінде ғана ауылдықтар қалды. Осының өзі де қалалану үдерістерінің бұдан да үлкен қарқынмен жүре беретіндігін дәлелдейді.

Бүгінде Астана үлкен мегаполиске айналып, барлық саяси шешімдер қабылданатын болды. Ақордадан тараған ақпарат елдімекенге дейін жетеді. Сондықтан Елорданың өзіндік орны саяси-жағрафиялық жағынан да орны айқындалып, әбден орнықты. Бұл іскерліктің, мемлекеттік құрылымдағы ғана қала емес, елдің ордасы, төрі деп қарайтын ахуал қалыптасты. Әлбетте, жаңадан қалалар салынар. Елдің ордасы Астана болып қала береді.

Бұл стратегиялық тұрғыдан ең маңызды әрі салмақты шешімдердің бірі болды. Егер Астана болмай, бәрі Алматыға ағыла берсе, жағдай қалай болар еді?! Елорда үлкен жүктемені мойнына алған, қазақтың үлесі пайыздық мөлшер-леме жағынан есептегенде де өте жоғары жаңа қала. Елдің бас шаһарында жұмыс істеп жүрген әрбіреу азаматтардың қайбірі болса да астаналық мәртебеге лайықты болуға ұмтылады.

Ал Алматыда өз мәдениеті, көркімен қазақтың жүрегінен орын тепкен мекен. Мегаполис салу оңай шаруа емес-ті. Келешекте бұл қатарға Ақтөбе, Қарағанды һәм Түркістан қосылса, ел өркендеуіне сипат пен серпін сыйлайтын кезеңдерге аяқ басып келеміз.

«АНА КАПИТАЛЫ» ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАБЫЛДАҒАН ЖӨН

– «Ана капиталы» ұлттық жобасын қабылдасас қайтеді?

– Демография – өте актуалды. Жақында ғана демография саясатына қатысты депутаттық сауал жолдадым. Сол сауалда Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан аймақтарында біздің демографиялық өсім баяу. Әсіресе, теріскейде дүниеге келетіндер саны азайып, бірқатар қазақ ауылдары жабылуда. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Сәбит Мұқанов ауылы, Сафуан Шаймерденов туылған елді мекен, Ғабит Мүсірепов дүниеге есігін ашқан «Жаңажол» ауылының да тағдыры қыл үстінде тұрғандығын айттым. Соның алдында демографияға қатысты Сенат үлкен Үкімет сағатын өткізген болатын.

Сонда демографиялық ахуалға байланысты арнайы мемлекеттік

орган құру туралы ұсыныс берілген-тұғын. Бірақ оны құру мүмкін емес деген жауап берілді. Алайда басқада салалық министрліктерге тапсырма беріліпті. Сондай-ақ, шекаралас аудандағылардың еңбек-қақысына үстеме қосу мәселесі, сонда шаруашылықпен айналысып, төрт түлікті түлетемін, егін саламын деген азаматтарға ұзақ мерзімді несие беру туралы, олардың үй салуын субсидиялауын жеңілдету және т.б. жағдаяттарын айтқан болатынбыз.

Ресейдегі «Ана капиталы» дейтін бағдарламасы жақсы жұмыс істеп тұр. Сол сияқты, бізге де демографиялық саясатты тікелей жүзеге асыратын орган болуы қажет. Өйтпесе әр министрлік өз есептері бойынша статистикалық деректерді береді, дегенмен болашақты бағдарлап халықтың саны 40-50 миллион адам болғанда реттеп отыратын, мемлекеттік орган қалай да қажет. Соның негізінде құрылыс, мектеп, аурухана әлеуметтік нысан салынуы тиіс. Жанұяда 4 баладан артық туғандарға «Ана капиталы» сияқты жақсы бір мемлекеттік бағдарлама керек-ақ. Соның арқасында халықтың санын көбейтуді негізгі мақсат-мүдде етіп алға қоятын болсақ, қазақ демографиясы өседі.

Естеріңізде болса, 2000 жылдары «Қарадомалақ» деген акция жүрді. Сонда берген сыйақы 100 мың теңге көлемінде болатын. Бұл ақшаға қызығушылық қана емес, елге жаңа леп берген жоба болды. Нәтижесінде демографиялық дүмпу болды. Қазіргі жастар үйленуге құлықсыз, тұрмыстың проблемаларын алға тартады, мансап жасауды көздейді. Сол себептен, кеш отау құратын, бала кеш босанатындар қатары артып барады. Мұны да дұрыстап, зерттеп, зерделеп, бір арнаға салып, баспана мәселесін кезек-кезеңімен шешуге болады ғой деп ойлаймыз.

– Әділ қоғам орнап келе ме?

– Мемлекет басшысы билікті қолға алғаннан бастап айтып келе жатқаны ол – Әділетті Қазақстан. Ол – заң мен тәртіптің үстемдігі. Жаңа серпіліс, қоғамның жаңару сипаты көрінеді. Оны қабылданып жатқан заңдардан да, тұрмыс-тіршілігінен де сезе аласыз. Бұл – бір күннің шаруасы емес. Бұл Қазақстан азаматтары түгел алуылатын, бел-сене қатысатын мәселе.

Қай Жолдау болса да ел ертеңіне септігін тигізеді. Аталған бағыттарда да Парламентке үлкен салмақ салынып жатыр. Әрбір заңды сапалы түрде дайындау, қабылдау үшін Президентке ұсыну мәселесі де Қазақстан Парламенті депутаттарының назарында тұр. Ел мүддесі үшін аянбай жұмыс істеу керек деп есептейміз. Қазақ елі егемен, дербес, тәуелсіз ел ретінде өзінің тәуелсіздігін орнықтырып, баянды даму жолына түсті. Жолымыз ашық әрі айқын, ертеңіміз бүгінгіден жақсы болсын деген тілектеміз!

– Көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ТАМАША
МҮМКІНДІКМегаполисте «Бос орындар
жәрмеңкесі» өтті

Халықтың әлеуметтік ахуалын жақсарту үшін жұмыссыздар санын азайту – бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Бұл бағытта Алматыда атқарылып жатқан іс-шаралар көп. Солардың бірі – жұмыс іздегендерге бір жерде бірнеше жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуға тамаша мүмкіндік беретін бос жұмыс орындар жәрмеңкесі.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен аптада Алматының Арбатында дәл осындай жәрмеңке өтті. Іс-шарада түрлі саланы қамтитын 60-тан аса кәсіпорын жұмыс іздеушілерге 1000-ға жуық жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңкеге өз мамандықтары бойынша лайықты жұмыс табуға ниеттенген алматылық жастар өте көп келді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан іс-шара өз нәтижесін беріп келеді дейді.



– Еңбек күніне орай Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Жастар саясаты басқармасы, Халықты жұмыспен қамту орталығы бос жұмыс орындары жәрмеңкесін жиі ұйымдастырып, қалың көпшілікке ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді. Бүгінгі шақырған бес мыңға жуық адамның үш мыңы келді. Соның ішінде 124 адам кәсіптік оқытуға жолдама алды. 160-қа жуық адам тұрақты жұмысқа орналасты. Ал 300-ге жуық адам жолдама алып, субсидияланатын жұмыс орындарында жұмыс істеп жатыр, – деді Мансап орталығының басшысы Әділет Жанабаев.

– Алла қаласа, биыл оқуымды бітіремін. Жәрмеңкеге жұмысқа орналасуға ертерек қам жасайын деп келдім. Еңбек зая кетпеді. Өз мамандығым бойынша екі бірдей жұмыс берушіден ұсыныс алдым. Енді қолыма дипломымды алған соң, бірден жұмысқа орналаса аламын, – дейді АПУ-дың IV курс студенті Шұғыла Әбуова.

Біз бос жұмыс орындарын

ұсынып отырған мекемелер қатарынан Алматы қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының өкілдерін де көрдік. Бұрын-соңды мұндай іс-шараларда көзіміз шала бермейтін төтеншеліктерден қандай мамандар қажет екенін сұрадық.

– Алматының аумағы жыл сайын ұлғайып келе жатқандықтан, қала аумағында тосыннан болатын апатты жағдайлар орын алып жатады. Ол кезде бірінші көмекке келетін төтеншеліктер екенін жақсы білесіздер. Сол себепті бізге қазіргі таңда нағыз ер-азаматтарға тән – өрт сөнді-

руші, құтқарушы, жүргізуші мамандары ауадай қажет. Басқарма 18 бен 35 жас аралығындағы жігіттерді жұмысқа шақырады. Әзірге нәтиже жаман емес, талап танып, жұмысқа орналасамын деп жатқан жастар аз емес. Жұмысқа орналасуға ниет білдірген жігіттер басқарманың барлық талаптарына сай болса, қабылдаймыз, – дейді Төтенше жағдайлар басқармасы кадр бөлімінің қызметкері, кіші сержант Гүлраушан Бақытжан.

Бос орындар жәрмеңкесі – бұл жастар үшін еңбек нарығын зерттеуге және бір жерде бірнеше жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуға тамаша мүмкіндік. Жұмыс берушілер үшін жәрмеңке өз кезегінде қолайлы үміткерлерді табу және жалдау процесін жеңілдетеді. Іс-шара жұмыс берушілер үшін де, ізденушілер үшін де өтеусіз негізде өткізіледі. Айта кетейік, аталған іс-шараның мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ТЕГІН КӨШЕТ ЕГІҢІЗ...

Алматыда «Жасыл аула» күзгі акциясы басталады

Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы жыл сайын өтетін «Жасыл аула» акциясы аясында қаланы көгалдандыру және жасыл қорды сақтау бағдарламасын жалғастырып келеді. Осы маусымдағы акцияның басталуы «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасына орайластырылды.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

2024 жылдың күзгі кезеңінде қала тұрғындары көпқабатты үйлердің аулалары мен қоғамдық орындарды көгалдандыру үшін жапырақты ағаштардың көшетін тегін ала алады.

Көктемгі кезеңде өткен акцияға қала тұрғындары белсенді қолдау көрсетті: жеке және заңды тұлғалардан 200-ден астам өтінім қабылданды. Көктемгі науқанның нәтижесінде тұрғындарға 3 мыңнан астам жапырақты ағаш көшеттері таратылды. Бұл бастама қала тұрғындарының экологиялық белсенділігін арттыру

және мегаполис тұрғындары үшін жайлы жасыл аймақтар құру бойынша маңызды қадам болды.

Акцияның күзгі кезеңі азаматтардан өтінім қабылдаудан басталады. 2024 жылдың 23 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында алматылықтар көпқабатты үйлердің аулалары мен жалпыға ортақ аумақтарға ағаш отырғызу үшін көшет алуға өтінім бере алады. Өтінім қабылдаудың басталғаны туралы ақпарат Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайтында жарияланады.

Акцияға қатысу үшін Jasyt.aula.almaty@gmail.com электронды поштасына мынадай мәліметтерді жіберу қажет:

1. Бастамашыл тұлғаның аты-

жөні және байланыс деректері, отырғызылатын жердің нақты мекенжайы;

2. Жоспарланған отырғызу орнының бірнеше фотосуреті (орынды бағалау үшін панорамалық фотосурет болғаны жөн);

3. Қажетті көшеттердің санын көрсету.

Көшеттер 2024 жылғы 12-13 қазанда Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Юрий Ким көшесі, 9-үй мекенжайында («Есо Almaty» ЖШС) таратылады. Акцияға қатысатын тұрғындар ағаш отырғызғаннан кейін фотоесеп ұсынуы қажет.

Акция туралы қосымша ақпарат алу үшін Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының жасыл қор мониторинг және басқару бөліміне +7 771 161 98 50 телефоны арқылы хабарласуға болады.

«Жасыл аула» акциясы – Алматы тұрғындарының шаһарды көгалдандыру, оны одан әрі жасыл әрі жайлы етудің тамаша мүмкіндігі.

НАУҚАН

ЖАСЫЛ-ЖЕЛЕК ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Алматы қаласы Наурызбай ауданындағы «Алма сити» тұрғын үй кешенінің маңында егілген ағаш-көшеттердің өсіп жетілу жай-күйі көрсетілді.

Бұл акцияға көшет өсіруші мамандар, тұрғындар, қала тазалығына бей-жай қарамайтын жанашыр жандар қатысты. Осылайша алдыңғы жылдары отырғызылған көшеттер жайында мамандар пікірі айтылды. Қолға алынып жатқан істер туралы ақпар берілді.

«Бізде «Жасыл аула» деген акция бар. Аталған акция 2020 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Былтыр 3 мыңнан астам көшет таратылды. Бұл науқан жылына 2 рет көктем мен күз айында болады. Акцияның мақсаты – қаламыздағы жасыл қорды дамытып, тұрғындардың экологияға деген белсенділігін арттыру», – деді Жасыл қорды басқару бөлімінің бас маманы Мейіржан Бағатиев.



Шара барысында көшеттердің өсіп-жетілуі бойынша ой-пікірлер айтылды. Бұл жөнінде Наурызбай ауданының тұрғыны Әсем Бекбосынова да айтып өтті.

«Әр жыл сайын жалғасын тауып жатқан осы акцияға өте

қуаныштымыз. Ағаштың жетілуіне бас-көз болып жүрген жандарға ризамыз. Аулада ағаш отырғызған жақсылықтың нышаны деп білеміз», – деп түйді ол.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

МЕРЕЙТОЙ

Бұл күнде есімі
елімізге кеңінен
мәлім Сарбас Ақтаев
тоғыз асудан асып,
90 жастың
табалдырығын
толық басып тұр.
Өзге қаламгерлерден
ерекшелігі оның
бесаспаптығы: ақын,
журналист, жазушы
және аудармашы.



50-ші жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында оның есімі Көкшенің тұңғыш ақын-айтыскерлерінің қатарында аталды. Арқа өңірінде халқымыздың қасиетті айтыс өнерінің қолға алынып, жандануына алғашқылардың бірі болып атсалысты. Көкен Шәкеев, тағы да басқа ел арасында белгісіз болып жүрген таланттарды сахнаға тартты.

Бұл Ақтаевтың орта мектепті бітіргеннен кейін аудандық «Колхоз жолы» газетінде жауапты хатшы болып, 1957 жылы Қарағанды педагогика институтын бітіріп, сегіз жылдық мектепте бір жылдай ұстаздық еткен кездері еді. Ал 90-жылдары қазақтың ұлы ханы туралы тұңғыш қалам тербеген абылайтанушылардың бірінен саналды.

1958 жылы Көкшетау облыстық газетінің редакциясына қызметке ауысқан ол жүрегі қалаған жұмысқа жан-тәнімен кірісті. Бірақ бұл қуанышы тым ұзаққа бармады. Солтүстік өңірлердегі аймақтық газеттердің жабылуына байланысты басқа қызмет іздеуге мәжбүр болады. Екі тілде жазатыны және сын-сықаққа қаламының бейімі барлығы ойламаған жерден оны республикалық саяси сықақ «Ара-Шмель» журналынан бір-ақ шығарды. Тосын қуаныш әрі қуанып, әрі ойландырып тастады. Бұрын елден ұзап шықпаған адамға бірден астанада өмір сүру қалай болады? Қызмет табылғанмен баспана мәселесі не болмақ? Жас журналистің бақытына орай, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті журналының Бас редакторы Жүсіп Алтайбаев алғашқы кездескенде-ақ бір жарым-екі жылда пәтер мәселесі шешілетініне сендірді. Сарбас ағаның екі тілде жазатыны екі тілде шығатын басылым үшін баға жетпес байлық болды. Осылайша қызметке қабылданды, Көкшетаудан шыққан тұңғыш фельетоншы атанды.

Ақтаев Көкшеден шыққан алғашқы аудармашы да. Сетон Томпсон мен М.А.Шолоховтың әңгімелері, В.А.Обручевтың «Жұмбақ жер», Н.И.Ановтың «Өн қанаты», А.Джапар-Заденің «Отаныңа орал», А.Камьюдің «Оба» және «Бөгде», М.А.Булгаковтың «Ақ гвардия» және «Майталман шебер мен Маргарита» романдары, Р.Фраерманның «Тұз тағысы Динго» повесі, Мамин-Сибиряктің әңгімелер мен повестер жинағы, т.б. қазақ-тың майда-жұмсақ тілімен тәржімаланған аудармалары қаз-қалпында қазақ оқырманына жетті.

ТОҚСАНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

Сарбас Ақтаев әдебиетке ақын болып келді. Бір-екі жыр жинағы да жарық көрді. Бірақ газеттің толас таппайтын қара жұмысы өзінен өзге салаға мойын бұрғызбады. Бойындағы таланттың бірін дамыту үшін екіншісін доғара тұруға тура келді. Сондықтан бір-екі жинақ шығарды да, өлеңін тежей тұрды. Мүлде қол үзбеді. Ара-тұра болса да келіп қалған бір-екі шумақты қойын кітапшасына түртіп қою дағдысын қойған жоқ.

Тағы бір ерекшелігі – редактордың орынбасары қызметінде тапжылмай ұзақ жыл отыруы. «Жетісу» газетінде 9 жыл редактордың орынбасары, ол аз десеңіз, «Социалистік Қазақстанда» үздіксіз он жеті жыл Бас редактордың орынбасары болды. Осынша жыл орынбасар болып отыруға екіншісі біріншісі тәуелсіздігі жетуді екіталай, тіпті тәуекел етуге жүрек те дауаламаса керек. Біздің есебімізше, 26 жыл редактордың орынбасары болған журналист елімізде біреу болса, ол – Сарбас Ақтаев, екеу болса соның бірі дер едім. Орынбасар деген – еңбегі еш, тұзы сор қызмет. Ұжымды ұйыстыратын да, жұмысты ұйымдастыратын да сол. Оның үстіне екі басшының, екі ұжымның оябын тауып жұмыс жүргізу аса шеберлікпен қатар білімділікті, төзімділікті, мейірімділікті, кішіпейілдікті қажет етпей ме? Демек, осы игі қасиеттердің бәрі Ақтаевтың өн бойынан табыла білген деген сөз.

Мына қызыққа қараңыз, газетте жүрген кезінде 600-ге жуық бас мақала жазыпты. Бас мақаланы сірестіріп, сықиған саяси сөздерді тоғытып жазбады. Әрине, Орталық Комитеттің

органы болған соң албаты сөйлемдерді қоспайсың, бұра баспайсың. «Партияның пәлен съезінің шешімдері арқасында» деп жаттанды сөзбен жазатындар да жоқ емес. «Сықиған СҚ» деген сөздің қалыптасуына түрткі болған да солар. Ақтаев ондайдан аулақ болды. Бас мақаласынан сықиған саясат емес, даладағы ерен еңбектің лебі, күн-түн қатып тер төккен дикан мен механизатордың еңтіккен демі самалдай есіп тұрды.

Бас мақала газеттің (сол номердің) бет-бейнесі. Қолыңа алғанда көзіңе алғаш көрінетін де сол. Егер оның тақырыбы мен берілген материалдар қабысып, үндесіп жатса, ол нөмірдің бағы жанды деген сөз. Бас мақаланың толғамы мен жәй мақаланың ырғағы тоғысып жатса, тіпті керемет! Ол газет оқылады. Әр нөмірдің бас мақаласы сол нөмірдің жорыққа бастайтын «қолбасшысы». Жоғарыда сөз еткен 600-ге жуық бас мақаланың жартысынан көбі толыққанды публицистика екеніне Сарбас аға сенімді.

Газеттің бас мақаласын жеке өндіріс озатына арнап жазу үрдісін алғаш баспасөз бетінде қалыптастырған да Ақтаев. Алматыдағы АЗТМ зауытынан инженер Сүлейменов, Көкшетаудан Жадыра, озат автокөлік жүргізушісі Жәмшит Қожантаев, жүлдегерлер Нүсіпбек Әшімбаев, Іңкәрбек Жұмағұловтардың ерен еңбегі газет арқылы елге үлгі болды. Социалистік Еңбек Ерлері Кәмшат Дөнентаева, Зылиха Тамшыбаева және Жолсейіт Молдасановтардың әдеби бейнесін алғаш жасаған да Ақтаев еді.

Мерейтой иесі жөнінде сөз еткенде ол адамның сүрген жасы ғана құрметті емес, оған қалай қол жеткізгендігі, сол жолда төгілген маңдай тердің маңызды екенін айтқан абзал. Бүгінде көптеген аға буын өкілдері: «Мен өмірде бәрін дұрыс жасадым ба, дұрыс істеп жатырмын ба?» деп өздеріне сұрақ қоя бермейді. Сарбас ағаны бұл сұрақтар үнемі мазалап жүретінін білеміз.

Жүрегін жарып шыққан өлеңді жолына құрбан еткен журналистиканың «тар жол, тайғақ кешуін басынан өткере жүріп» 20-ға жуық кітап шығарды. Олар: Тұңғыш кітап т. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1965; Дала туралы толғау. Очерктер. А., «Қайнар», 1971; Қапшағай хикаясы. Повесть А., «Жазушы», 1973; Бұлар бірінші болып еді. Очерктер. А., «Қазақстан», 1975 жыл; Абылай хан. Тарихи очерк. А., «Алаш», 1992; Ханза-

кезінде аударып, ол Қарағандының облыстық газетіне, сосын «Қазақ әдебиетінде» басылды. Одан кейін газетте жүрген кезінде поэзияның аудармашысы болуға құлшынып көрді. Тарас Шевченконың өлеңдерін көбірек аударды, Пушкинге де барды. Апаллон Майковтің, Иван Тургеневтің өлеңдерін қазақшалады. Осылай-осылай өлең аударып, әдеби аудармашылық қабілетін шыңдады. Кейін баспалардың тапсырысы бойынша, прозаны аударуға бет бұрады. Өзінің жаны сүйген жазушыларды аударды. Мүмкіндігінше оларды газеттерде жариялап отырды. Михаил Шолоховтың «Дон әңгімелерін» түгелдей аударды. Николай Ановтың Иса Байзақов жөніндегі «Өн қанаты» деген көлемді романын қазақ оқырмандарының кәдесіне асырды. «Ханзаданың қасіреті» деген Шоқан төңірегіндегі эсселері бөлек кітап болып шықты. «Қазақ ханымдары» деген кітабын жұртшылық жақсы қабылдады.

Мұның бәрі жан-жақты талант иесі Сарбас Ақтаевтың өткен өмір жолы. Енді 90 жасқа толған абыз ақынның бүгінгі шығармашылық тыныс-тіршілігіне көз жүгіртейік. Тоқсанның томағасын сыпырған Ақтаев қол қусырып отырған жоқ екен. Аударма, деректі проза, публицистика саласындағы жарық көрген шығармалары мен қолжазбаларын таптұйнақтай етіп жинастырып, енді бала кезгі досы – өлеңге қайта оралыпты. Көлемі екі кітап шығатындай дайын тұрған жырлары да бар.

«Өмір деген бір қуаныш,
бір қайғы,
Бақыт шіркін баста ұдайы
тұрмайды.
Қайшылықтар таутекедей
сүзсіз,
Тұяғынан тас боп күндер
зырлайды.
Оған бола жат қылам ба
күнді, айды,
Көңіл деген жырлаудан бір
тынбайды...», –

деген сияқты ойлы толғаныстар еріксіз сезімді селт еткізеді, көңіліне серпін сыйлайды.

Соңғы кездері көздің көруі мен құлақтың естуі әлсізденіп барады. Өздігінен оқып, өздігінен жазу өте қиын, тіпті мүмкін емес жағдайға айналды. Токсандағы тарлан бұл қиындықтан шығудың жолын тапты. Шабыт келіп, өлең легі толқып тулағанда жадына сақтайды, іштей бірнеше қайталап, өшпейтіндей болып жатталған кезде сыртқа шығарады. Өлеңдерін жатқа оқиды. Өз басым тоқсан жасында өлең жазған ақынды (Жамбылдан басқа. Оның көмекшілері болды) естімеппін.

Токсанында да таңқалдырған Сарбас ағаға қалай тәнті болмайсың. Әсілі талант жасқа қарамайтын болса керек. Осы өлеңдерді бізге жатқа оқып берді...

«Пәлен жас жаса» деп кесіп айту әбестік болар, пешенеңізге жазылған жасты жасай беріңіз, жақсы аға!

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
халықаралық «М.Шолохов»
медалінің иегері.

қарт
жүректен
жыр болып
төгілді

даның қасіреті. Хикаялар. А., «Жібек жолы», 1999; Оқ жетпес. Өлеңдер. А., «Жібек жолы», 2001; Қазақ ханымдары. Тарихи эсселер. А., «Ана тілі», 2001; Алтын қалам. Эсселер. А., «Жібек жолы», 2004; Шарапатты шаңырақ. Деректі очерк. 2004; Ақ боз ат. Хикаяттар. А., «Балауса», 2009 деп аталады. Жұмағали Смағұловпен бірге қазақтың қамын жеген, ұлтымыздың ұлағатты жанашыры болған Ілияс Омаров туралы кітап шығарды.

Кейінгі кезде «Халық кеңесі» газетінің Бас редакторы, «Ақиқат» журналының Бас редакторы болып қызмет етті. Әдебиеттің әр саласына атсалысты. Шоқан Уәлиханов атындағы университеттің құрметті профессоры. Екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен, екі мәрте Қазақ КСР Құрмет Грамотасымен марапатталған. Үш рет Қазақстан Журналистер одағы сыйлығын жеңіп алды. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері», «Парасат» орденінің және «Баспасөз үздігі» атағының иегері. Қазақ Республикасы Парламенті мәжілісінің «Парламент сөзі» сыйлығымен марапатталды (№1-ші).

Сарбас Ақтаев – 1934 жылы 30 қыркүйекте Көкшетау облысының Көкшетау ауданындағы Жылымды ауылында дүниеге келген. Әдебиетке деген алғашқы қадамды өлең аударудан бастаған Сарбас аға Гетенің «Анама» деген өлеңін студент



БӘРЕКЕЛДІ!

«ALMATY USTAZY»

жеңімпаздары анықталды

2024 / ФИНАЛ
АЛМАТЫ«МЕН КӨШБАСШЫ МҰҒАЛІММІН»
«Я УЧИТЕЛЬ-ЛИДЕР»

Алматы қаласы әкімінің тікелей қолдауымен өтіп келе жатқан «Almaty Ustazy» қалалық байқауының жеңімпаздары белгілі болды. Аталмыш байқау жас педагогтердің таланты мен шығармашылық әлеуетін анықтап, озық педагогикалық тәжірибені тарату, педагог мәртебесін арттыру мақсатында осымен төртінші мәрте өткізіліп отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

«Almaty Ustazy» байқауын ұйымдастырушылар алқасының айтуынша, білім додасы талантты және шығармашыл жас мұғалімдерді анықтап, оларды қолдауға, педагогтердің беделін арттыруға бағытталып отыр. Сондықтан байқау қаланың жас педагогтері арасында жоғары сұранысқа ие. Бұл ретте жас мамандар байқауға қатыса отыра, өздеріне пайдалы ақпарат алады. Сондай-ақ, жаңа әдістер мен технологиялар туралы білімдері мен қабілеттерін көрсетеді.

Биыл «Almaty Ustazy» қалалық байқауына 1513 жас педагог тіркеліп, 780 мұғалім өз материалдарын жүктеген еді. Осылайша олар 3 кезең бойынша өз біліктіліктерін сынға салды. Байқау өте тартысты өтті. Өйткені, жас мамандар ақпараттық технологияны терең меңгерген, жаңашыл, шығармашыл.

І кезең онлайн-режимінде

«Almaty Ustazy» байқауының uzdikustaz-nobd.edu.kz электрондық платформасында өтіп, 11 оқу пәні бойынша 158 мектептен 780 педагог өз жұмыстарын ұсынды. Байқауға қатысушылардың жұмысын 70 сарапшы бағалады.

Байқаудың екінші кезеңіне түрлі пәндер бойынша 110 қатысушы жіберіліп, 13-14 мамыр аралығында 20 мектеп базасында конкурстық сабақтар өткізілді.

Алатау ауданының инновациялар және шығармашылық орталығында өткен байқаудың үшінші кезеңінде 11 оқу пәні бойынша ең үздік танылған 12 педагог өздерінің жобалық жұмыстарын ұсынды. Соңғы кезең «Мен мұғалім көшбасшымын» жобасын қорғап, «Заманауи білім берудің өзекті міндеттері» тақырыбындағы пікірталас көрігін қыздырды. Үміткерлер қатысқан қорытынды кезеңді пәндер жөніндегі комиссия төрағалары мен Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының директоры Дәурен Сағынғалиев пен «Global Teachers Prize» фина-

лисі Айгүл Ишанғалиева бағалады.

Сонымен, байқауда бағы жанған жеті жеңімпаз финалист халықаралық білім беру тағылымдамасына баратын болды. Олар онда шетелдік мектептердің жұмысымен танысып, озық тәжірибе жинақтайтын болады.

Байқау қорытындысы бойынша №173 мектеп-лицейдің тарих пәнінің мұғалімі Ернұр Бейсембаев жеңімпаз деп танылып, Гран-при иегері атанды. Бас жүлде иесіне қала әкімі тағайындаған 5 000 000 (бес миллион) теңге сомасындағы сертификат пен халықаралық тағылымдамадан өту үшін сертификат табыс етілді.

Сондай-ақ, байқаудың алты финалисі атанған №140 гимназияның информатика пәні мұғалімі Еркеназ Баймұрат, №92 мамандандырылған лицейдің химия пәні мұғалімі Суннатолла Каумбаев, №178 мамандандырылған лицейдің биология пәні мұғалімі Айдана Айдарова, №159 гимназияның математика пәні мұғалімі Азизхан Умарханов, №70 жалпы білім беретін мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Анастасия Благодатская, №12 мамандандырылған гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дулат Сұлтанбекке халықаралық білім беру тағылымдамасынан өту үшін сертификаттарға ие болды.

Жеңімпаздар 4 қазанда Республика сарайында өтетін Ұстаздар мерекесіне арналған салтанатты жиында марапатталатын болады.

«МЕЙІРІМДІЛІК АПТАЛЫҒЫ»



«ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ»

қарттарға көмек көрсетуге арналады

23 қыркүйек пен 1 қазан аралығында елімізде Қарттар күніне арналған үшінші «Мейірімділік апталығы» өтіп жатыр. Ізгілікті істер апталығы қарттарға көмек көрсетуге бағдарланған.

